„Абайдың қарасөздеріндегі білім-ғылым мәселелерінің бүгінгі ғылымға қойылар талаппен үндестігі мен ерекшелігі"

Бар әлемді аузына қаратып, қазақ руханиятын көкке көтерген кемеңгер ақынымыз - Абай Құнанбайұлы. Нәресте кезінен әкесі - Құнанбайдың айтқан қанатты сөздері, аяулы анасы - Ұлжанның мәпелеп әндеткен әндері, асыл әжесі - Зеренің жырлаған аңыз - ертегілері Абай атамыздың шығармашылық жолында аты барша елдерге шығуының басты себепшілері болған. Уақыт өте келе, парасатты ақынның тақырыптары мен даналығы тек арта түсті. Көзді ашып жұмғанша жеке туындыларын да жаза бастады. Абай Құнанбайұлының шығармашылығы мен үшін әлемдегі ешбір ақынның еңбегіне тең келмейді. Дана атамыз қазақ халқына ғылым-білім мен адалдық жолын үнемі насихаттауға ұмтылды - деген ойдамын. Бұл - ғалымдардың түкпір-түкпіріне тараған „Абайдың қарасөздерінің" жарық көруіне ықпал етті. Осы тұста туындайтын сұрақ: Керемет ұрпақты „дұрыс" жолға Абайдың қарасөздері қалай бағыттай алады?

Қазіргі қоғамда жастарды оқу орны мен білім мәселесі мазалай береді. Менің ойымша, осы мәселенің шешімі кемеңгер ақынның „он жетінші" сөзінде жасырылған. Бұл қарасөзінде көтерілген негізгі тақырып - білім - ғылымды оқып, меңгерудің нақты айты жолын пайымдау болған.

ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІН

Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница № 2

Олардың ішінде мен үшін аса маңызды, әрі есімде мәңгі сақталатын бір жолын белгілегім келеді. Ол ең алғашқысы - бірінші жолы. Осында баяндалатын мәселе - білім-ғылымда біреуге мақтану үшін емес, шын ниетпен, „ел дамуына қоса алатын үлесім"-деген. таңнан да жарқын үмітпен іздену, оқу. Тек сол кезде еңбегің ризашылық пен рахымдылыққа, содан қызығушылық пен табысқа да жетер. Менің ойымша, дәл осы ойды қазақ балалары санасына түйіндеп алуы керек. Әрине, сол ғасырдың ахуалы мен қазіргі қоғамның жағдайы бір-біріне мүлдем ұқсас емес, дегенмен, мен үшін Абай Құнанбайұлының сөздерінің өзектілігі әртүрлі қоғамға да, уақытқа да сай.

Бүгінгі ғылымға қойылған талаптардың кей кезде дұрыссыз екендігін айтаймын. Мәселен, жалдегі аса көрікті, жоғары оқу орындарының көбі баладан алған бағаларына және жеке жағдайына көп мән беруде, алайда, менің ойымша, білім-ғылымды оқу кезіндегі одан да артық нәрсе - Абай атамыз үнемі насихаттаған мінез бен адами құндылықтар. Өзінің майдан тамызғанша дейін еңбек етіп, білім алу - тозымдылықты талап етеді. Сол себепті, білімді алмас бұрын, әуелі мінезді қалыптастыру қажет.

Қорытындылай келе, „Білімді бірді жығар, білімді мыңды жығар"-деп, дана халқымыз бекер айтпауы керек, білімді адам

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница № 3

өмірлік мақсаттарының барлығына да жетіп, айдардың шыңына міндетті түрде келеді. Абай Құнанбайұлы-қараңғы күннің шамшырағы, оның туындыларын оқып, олардан сабақ алып, кейінгі ұрпаққа насихаттау - өмірлік парызымыз!

Тақырыпқа және жаздым бекініп,
Ой-санама ерік бердім, серпіліп
Тамшыдай да үлес қосып сезіммен,
Ақ параққа пікірімді түсірдім-деп, өз эссемді аяқтаймын...